

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ.

Орындаған: Жұмашева А

Жамалова Б

Өмешова Г

Жанасілова Э

Қабылдаған: Жолтаева К


Жоспары:

1. Бағалау жүйесі туралы түсініктер.
2. Бағалаудың балдық жүйелері.
3. Білімді бағалауды қарастырған ғалымдар.
4. Білім алушының оқу іс - әрекеттері тәсілдерін саралау.
5. Білім алушының оқу жетістігін бағалау түрлері

Күні бүгінге дейін оқыту саласында қолданылып жүрген білім, білік және дағдыны тексеру мен бағалаудың "5" балдық жүйесі, оның сапасын, дәрежесін анықтап, белгілеуде барлық жағдайда объективтік тұрғыда қамтамасыз етпейді. Соның нәтижесінде қазіргі кезде жоғары оқу орындарында оқыту процесіндегі рейтинг - тестік жүйе оқу-таным әрекетінің сапасын анықтайтын бақылаудың жаңа түрі өмірге келді.

Рейтинг - ағылшын тілінде *Югаі* - "бағалау" немесе "жетістік өлшемі" деген ұғымды білдіреді.

Бағалау жүйесінің мақсаты: - оқу-таным әрекетінің сапасын, нәтижесін арттыру; - оқу-таным әрекетінің сапасын тексеру, бағалаудың тиімділігін жетілдіру және әділдігін орнықтыру; - оқу-таным әрекетіндегі білім, білік, дағды сапасын, дәрежесін бақылауда жүйелілікті қамтамасыз ету; оқу-таным әрекетіндегі студенттердің жауапкершілігін, белсенділігін арттыру; тексеруде уақытты үнемдеу.



12 жылдық білім беру кезеңінде жалпы білім беретін мектептердің сыныптарында бағалау барысында талдануға сәйкес келетін 10 балдық бағалау жүйесі алынады. Нәтижеге бағдарланған білім беруді енгізу жағдайында білім беру үдерісі оған қатысушылар арасындағы субъект – субъект негізінде жүзеге асады. Білім алушы оқу - тәрбие үрдісіндегі субъект ретінде оқуда белгілі бір табыстарға жету үшін өз іс - әрекетін мақсатты ұйымдастырады. Білім алушы жетістіктері күтілетін нәтижелер жүйесі түріндегі оқу іс - әрекеттері түрлерін игеру сапасы бағалау жолмен анықталады. Бұл орайдағы күтілетін нәтиже пәндік білім, білік және дағдыларды, түйінді және базалық құзырлықтардың құрамды бөліктерін белгілі контексте интеграциялауды көздейтін оқу іс - әрекетінің әр түрлерінің сипаттамасы болып табылады.

Бағалауға білім алушылардың пәндік білім, білік, дағдыларын және адамгершілік нормалары бағдарлы, жалпы адами және ұлттық құндылықтар тұрғысындағы іс - әрекет тәсілдерін меңгеру бойынша олардың жетістіктерін көрсететін нақты нәтижелер бағалана алады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы балдық және рейтингілік тұрғыда бағалауға негізделген бағалаудың балдық – жинақтау жүйесі болып табылады.

Бағалау
Балдық Рейтингілік
Балдық жинақтау жүйесі

Оқу ақпаратының меңгерілу деңгейін анықтау, білім сапасын бағалау, маманды әзірлеу сапасын кезең - кезеңмен бақылау, оқыту процесінің негізгі құрылымдық элементі болып табылады. Білімнің қабылдану деңгейін анықтау, икемділік пен дағдының қалыптасуын бағалау әрдайым педагогикалық процесті зерттеушілер назарынан тыс қалған емес.

Кезінде *Я. А. Коменский* оқыту саналылық пен білім беріктігін қамтамасыз етеді деген.

Ал *К. Д. Ушинский* осы принципті бір саты жоғары көтеріп, жаттығу мен қайталаудың негізгі құралы оқытушының қажетті ақпаратты таңдап алуы деп есептеді.

Студенттер білімін бағалау мәселесіне көптеген психологтар еңбектерінде көңіл аударылған:

Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов және т.б.

Білімді бақылау формалары мен әдістеріне:

Ю.К.Бабанский, М..И.Зарецкий, Т.А.Ильина, Е.И.Перовский, В.М.

Полонский сынды педагогтар еңбектері арналған.

П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, З.А.Решетова зерттеулері оқушылар әрекетін әр түрлі ұйымдастыру кезінде білімнің қабылдану процесін меңгеру мүмкіндіктерін қарастырады.

Зерттеулерде маңызды орын оқу ақпаратын, білімді, икемділік пен дағдының қалыптасу деңгейін анықтауға арналады **М. Н. Скаткин, Н. В. Кузмина, В. П. Беспалько** және т. б.

Шетелдік зерттеулер негізінен тестілік бақылауға арналған **А. Анастаси, Н. Кронлунд, А. Хьюгс** және т.б.

Мутанов Г. , Адилгазинов Г. З., Алинова М., Абибуллаева А., Биназарова М., Искакова Л., Мелкозерова Л.Я., Есенбаева Г. сынды Қазақстандық зерттеушілер еңбектері де білімді бақылау мәселелерін қарастырады.

Білім алушының оқу іс - әрекеттері тәсілдерін саралау мынадай деңгей аясында жүзеге асырылады:

- Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етуде білім берудің белгілі бір деңгейдегі білім беру стандарты аясындағы әрбір пәнді оқытуда орындалатын оқу іс - әрекетінің барлық түрінен алған ұпайларын жинау арқылы қол жеткізіледі. Бағаның объективтілігі білім алушылардың білімін және олардың іс - әрекеттерінен күтілетін нәтижелер жүйесі негізінде оқушының оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау.
- Балл жинау оқу жетістіктерін бағалауды даралауды жүзеге асыруға, белгілі бір уақыт аралығында жинақталған балдардың қосындысы көрініс табатын және оқушының оқу портфолиосы формасы түрінде жүзеге асырылатын білім, білік, дағдыларын мүмкіндіктеріне, қалауларына және қабілеттеріне қарай тереңдетуге, кеңейтуге және оның өзінің дамуының жеке траекториясын өз бетінше таңдауына мүмкіндік жасайды. Нәтижесінде білім алушылардың өздері, олардың ата – аналары және мұғалімдері белгілі бір уақыт аралығындағы жетістігін салыстыра отырып, оның жеке даму динамикасын тұрақты қадағалауға мүмкіндік алады.

□ *Өз жетістіктерін бағалау* - өзін - өзі тексеру мен бақылау, өзінің іс - әрекетін сыни тұрғыда бағалау, қателерді айқындау және оларды жоюдың жолдарын табу, сондай – ақ бағалау критеррилерін анықтай алу болып табылатын білім алушылардың өз іс - әрекеттерінің нәтижелерін алдын - ала өзіндік бақылауы.

□ Бағалаудың жариялылығы білім алушылар және ата- аналар арасындағы, білім алушылар және мұғалімдер арасындағы, ата – аналар мен мұғалімдер арасындағы психологиялық сипаттағы көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

12 жылдық білім беру кезеңінде жалпы білім беретін мектептің сыныптарында бағалау барысында талдануға сәйкес келетін 10 балдық бағалау жүйесі алынады:

0 балл – қанағаттанарлықсыз

1-2 балл – қанағаттанарлықтан төмен

3 балл – қанағаттанарлық

4 балл – қанағаттанарлықтан жоғары

5 балл – жеткілікті жақсы

6 балл - жақсы

7 балл - өте жақсы

8 балл - үздікке жақын

9 балл - үздік

10 балл - өте үздік

Сабақ сайын білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалау оқу іс - әрекетінің деңгейіне сәйкес белгіленген баға ауқымы аясында бір сабақ ауқымында жинақталған балдардың орташа арифметикалық мәнін анықтау арқылы жүзеге асырылады. Орташа арифметикалық мәнді анықтау үшін оқу іс - әрекеті деңгейлеріне (репродуктивті, продуктивті) сәйкес әртүрлі тапсырмаларды орындағанда алған оқушылардың балдары пайдаланылады.

Жалпылау, тақырыптық және қорытынды бағалауда мұғалім олардың іс - әрекеттерінің барлық деңгейлерін (репродуктивті, продуктивті, шығармашылық) ескереді.

Білім алушының оқу жетістігін бағалау түрлері:

Ағымдық

Кезеңдік

Межселік

Ағымдық - 2 – 11 сыныптардағы оқу кезеңдерінде бағалау (тақырыптық, сабақ сайын).

Кезеңдік – бөлімді аяқтауда, сондай – ақ жарты жылда, оқу жылында бағалау (тақырыптық, жалпылау).

Межелік – оқу циклдары аяқталғаннан кейін, яғни 2,4,6,8,10,12 сыныптардан кейін (тақырыптық, жалпылау) бағалау.

Бастауыш және негізгі мектепті аяқтағаннан кейін (4 және 10 сыныптардан кейін) аралық мемлекеттік бақылау және оқыту нәтижелерін межелік бақылаулар арқылы өткізіледі. Жалпы орта білім алуды аяқтағаннан кейін (11 (12) сыныптардан кейін) Ұлттық бірыңғай тестілеу ретінде жалпы орта білім сапасын мемлекеттік бақылау түрінде өткізіледі. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мониторингі білім беруден күтілетін нәтижеге қатысты әрбір екіжылдық оқыту циклдары соңында өткізіледі.

Назарларыңызға
рахмет!!!